

Бейімбет Майлин ауданының аумағында сiбiр жарасы кoмулерiне жерлердiң санитарлық-қорғау аймақтарын белгiлеу туралы

Қостанай облысы Бейiмбет Майлин ауданы әкiмдiгiнiң 2025 жылғы 12 қыркүйектегi № 180 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң мiндетiн атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 "Адамның өмiр сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектiлерi болып табылатын объектiлердiң санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекiту туралы" бұйрығына сәйкес Бейiмбет Майлин ауданының әкiмдiгi ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес бiрiншi қауiптiлiк сыныбымен айқындалған, Бейiмбет Майлин ауданының аумағындағы қолданыстағы сiбiр жарасы кoмулерiне жерлердiң санитарлық қорғау аймақтарының радиустары 1000 метрде белгiленсiн.

2. "Бейiмбет Майлин ауданы әкiмдiгiнiң жер қатынастары бөлiмi" мемлекеттiк мекемесi Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәрiптe:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнi iшiнде оның мемлекеттiк және орыс тiлдерiндегi электрондық түрдегi көшiрмесiн Нормативтiк құқықтық актiлердiң эталондық бақылау банкiне ресми жариялау және енгiзу үшiн Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттiк кәсiпорнының филиалына жiберудi;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейiн Бейiмбет Майлин ауданы әкiмдiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейiмбет Майлин ауданы әкiмiнiң жетекшiлiк ететiн орынбасарына жүктелсiн.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Бейiмбет Майлин ауданының әкiмi

Қ. Мыржақыпов

КЕЛiСiНДi

Қостанай облысы әкiмдiгi ветеринария
басқармасының "Бейiмбет Майлин
ауданының ветеринариялық
станциясы" коммуналдық мемлекеттiк

Бейімбет Майлин ауданының аумағында орналасқан жер учаскелерінің тізімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 04.11.2025 № 225 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылдық округі, Журавлевка ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-025-300, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

2) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Белинский ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-056-022, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

3) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Павлов ауылдық округі, Павлов ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-050-365, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

4) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Белинский ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-054-040, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

5) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-039-552, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

6) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-026-040, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

7) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Калинин ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-036-113, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сібір жарасы көмілген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі;

8) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Белинский ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-049-160, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сiбір жарасы көмiлген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесi;

9) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Асенкритов ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-023-179, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сiбір жарасы көмiлген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесi;

10) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Новоильинов ауылдық округі, Новоильинов ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-041-567, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сiбір жарасы көмiлген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесi;

11) Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Павлов ауылдық округі, Павлов ауылы мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 12-189-046-1193, алаңы – 0,0098 гектар қолданыстағы сiбір жарасы көмiлген орналастыруға және оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскесi.